

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кедендік транзиттеу кезінде бірыңғай транзиттік жүйені және бірыңғай кепілдікті тетіктерді жетілдіру туралы**

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 13 Өкімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кедендік транзит кезінде бірыңғай транзиттік жүйені және бірыңғай кепілдікті тетіктерді жетілдіру жөніндегі жұмыс барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараты назарға алына отырып:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік ынтымақтастық жөніндегі алқасының мүшесі (Министрі) В.А. Гошиннің жетекшілігімен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары мен бизнес-қоғастастық өкілдерінен, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінен кедендік транзит кезінде бірыңғай транзиттік жүйені және бірыңғай кепілдікті тетіктерді жетілдіру жөніндегі жұмыс тобын (бұдан әрі – жұмыс тобы) қалыптастырсын және оның құрамын бекітсін.

2. Жұмыс тобы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында кедендік транзит кезінде бірыңғай транзиттік жүйені және бірыңғай кепілдікті тетіктерді (бұдан әрі - кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі) қолдану мәселелерін регламенттейтін келісім жобасын әзірлеуді қамтамасыз етіп, онда мыналарды ескерсін:

а) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға негізделуге тиіс;

б) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесін қолдану кедендік транзитке қатысатын тұлғалар (тасымалдаушылар, декларанттар, импорттаушылар, кепілгерлер және т.б.) үшін шығындардың ұлғаюына әкеп соқпауға тиіс;

в) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесін жетілдіру ұлтүсті органдарды құруды көздемеуге тиіс;

г) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі бәсекеге қабілетті болуға тиіс;

д) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін ескеруге тиіс және кедендік транзит кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің барлық тәсілдерін қолдану үшін кедергі жасамауға тиіс;

е) кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі оның үшінші мемлекеттердің кедендік транзит жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін көздеуге тиіс.

3. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения  
Республикасынан

Беларусь  
Республикасынан

Қазақстан  
Республикасынан

Ресей Федерациясынан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК